

УДК 336.7

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ АҚША АҒЫНДАРЫН БАСҚАРУ САЯСАТЫ

Сейітқали Әділ Асыланұлы

adilseitkaliev@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., профессор Жоламанова М.Т

Қазіргі бизнес жағдайында көптеген кәсіпорындар өздерінің даму стратегиялары мен тактикаларын тәуелсіз таңдау жағдайында орналасады. Кәсіпорынның өз қызметін өзін-өзі қаржыландыру бірінші кезектегі міндетіне айналды.

Бәсекелес уақытынада және тұрақсыз сыртқы ортада, кәсіпорынның қалыпты қызметіндегі ауытқуларға тез көңіл аударып, оны реттеуге кіріусі қажет. Ақша ағындарын басқару - бұл компанияның қалаған нәтижесіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін құрал, яғни пайда табуға жол ашатын құрал болып табылады. Бұл шарттарға сәйкес зерттеу жұмысының тақырыбы таңдалынып алынды.

Кәсіпорынның қалыпты жұмыс істеуінің негізгі шарттарының бірі – кәсіпорынның қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуі және ақша ағындарын талдауын бағалау.

Ақша ағындарын талдаудың негізгі мақсаты - қаражат жетіспеушілігінің себептерін, сонымен қатар олардың кіріс көздері мен пайдалану бағыттарын анықтау болып саналады.

Г.М. Колпакова атап өткендей, «ақшаның мәні - бұл нақты тауар формасы, жалпыға ортақ эквиваленттің әлеуметтік функциясымен бірге өседі» [1].

Ақша өнімнің қайшылықтарын шешудің нәтижесі болып табылады (тұтыну құны мен құндылығы), айналымның техникалық құралы емес, сонымен бірге терең әлеуметтік қатынастарды көрсетеді.

Кәсіпорынның ақша қаражаттарының қозғалысы үздіксіз процесс болып табылады және «ақша ағындары» ұғымымен анықталады. В.Ковалевтің пікірі бойынша, компанияның ақша ағындары «бұл іскери қызмет нәтижесінде пайда болған ақша қаражаттарының бөлінген жедел ағымдарының жиынтығы» [2].

Э. А. Махонина мен Э.Б. Вокина өз мақалаларында жазғандай, «ақша ағындары - бұл белгілі бір кезеңдегі компанияның ақша ағындарының нәтижесі, әдетте, белгілі бір кезеңдегі ақша ағындарының шығыстары мен түсімдер арасындағы айырмашылық» [3].

Тиімді бизнестің маңызды шарты - бұл қолма-қол ақшаның жеткілікті мөлшері, сонымен қатар ақшалай қаражаттардың ағымдарын ұтымды басқару, олардың балансын уақытында сақтау және нәтижесінде компанияның өтімділігі мен төлем қабілеттілігін

қамтамасыз ету. Ұйымның шаруашылық операциясының көп бөлігі ақша-қаражаттарының түсуімен және кетуімен байланысты саналады.

Басқару шешімдерін іс жүзінде жүзеге асырудың негізіне ақша-қаражаттарын пайдалану жатады. Бұл шешімдерге ағымдағы активтердің қажетті көлемін ұстауға жұмсалатын шығындар: шикізат, материалдар, компоненттер, дайын тауарлар, қайта сатуға арналған тауарлар, дебиторлық берешек, кредиторлық берешектерді төлеу, қызмет көрсетуге және қызметкерлерге ақы төлеуге, салықтар мен шегерімдер төлеуге қажет қаражат кіреді.


Өз шығыстарын өтеу үшін ұйым ақша массасының түсімін қамтамасыз ету қажет болып табылады, яғни өнімдерді, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатудан түскен пайда, салым капиталынан түсетін әр-түрлі кіріс көздері (дивиденттер, пайыздар) түріндегі. Қарыз алу - бұл ақша ағындарының пайда болуының объективті шарты.

Ұйым басшылығымен басқару шешімдерін қабылдауда тиімді саясатты қалыптастыруға негіз болатын ақша ағындарын талдаудың маңызды рөлі бірнеше себептерге байланысты:

- ақша ағындары ұйымның қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігін қамтамасыз етеді;
- ақша ағындарын ұтымды пайдалану ұйымның өндірістік және коммерциялық процесінің ырғағына ықпал етеді;
- ақша ағындарын тиімді басқару ұйымның қарыз капиталын тарту қажеттілігін азайтады;
- ақша ағындарын оңтайландыру - бұл жалпы алғанда ұйымның капитал айналымын жеделдетудің міндетті шарты;

Кәсіпорынның ақша ағындарын басқару процесі белгілі қағидаттарға негізделген (1-суретті қараңыз):

1. Ақпараттық дәлдік;
2. тиімділікті қамтамасыз ету;
3. өтімділікті қамтамасыз ету;
4. тепе-теңдікті қамтамасыз ету.



Сурет 1 - Ақша ағындарын басқару принциптері

Ақша қаражаттарын талдаудың мақсаты ақша қаражаттарының қозғалысы өзгеруіне әртүрлі әсер ететін, олардың түсуі мен жұмсалу бағыттарын, көлемін, құрамын, құрылымын, объективті және субъективті, сыртқы және ішкі факторларды объективті, дәл және уақтылы сипаттауға мүмкіндік беретін олардың параметрлерінің қажетті көлемін алу, анықтау болып табылады.

Ұйымның ақша қаражаттарын талдаудың міндеттері:

- ұйымның ақша ағындарының оңтайлылығын бағалау;

- экономикалық қызмет түрі бойынша ақша ағындарының оңтайлылығын бағалау; ақша ағындарының құрамын, құрылымын, қаржы ресурстарының бағытталу бағыттарын бағалау;
- ақша ағындарының динамикасын бағалау;
- ақша ағындарының қалыптасуына әр түрлі факторлардың әсерін анықтау және өлшеу;
- ақшаны пайдалануды жақсарту үшін резервтерді анықтау және бағалау;
- қаржы ресурстарының тиімділігін арттыру үшін резервтерді іске асыру бойынша ұсыныстар әзірлеу [4, с. 67].


Жалпы алғанда, ақша ағындарын талдау инвестицияны және басқа қаржылық міндеттемелерді қаржыландыру үшін операциялық қызметтердің таза ақша-қаражаттары туралы маңызды ақпарат береді деп қорытындылауға болады, ол өзінен пайданы емес, ақша-қаражаттарын көрсетеді. Және инвестициялық қызметтер бойынша міндетті төлемдер үшін қолданылады, мысалы дивидент төлеуге.

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп негізінде ақша ағындарын талдау кез-келген компанияның нақты қаржылық жағдайын анықтауға мүмкіндік береді. Алайда, кәсіпорынның ақша ағындарын талдау қаржылық есептілікті есепке алудың негізгі нысандарын: бухгалтерлік баланс пен қаржылық нәтижелер туралы есепті ескере отырып жүргізілуі керек.

Қолма-қол ақшаны басқарудың әдіснамалық негіздерін зерделей отырып, қазіргі уақытта қолма-қол ақша ағындарын талдаудың барлық әдістері қаржылық есептілік негізінде, дәлірек айтқанда баланс қосымшасының «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп» нысаны негізінде жасалғандығы анықталды. Талдау жылдамдығы тұрғысынан бұл есептеулер үшін ең оңтайлы нұсқа. Бұл әдістерді сыртқы пайдаланушылар кәсіпорынның ақша ағындарын бағалау үшін қолданады. Алайда, мұндай есептеулер әрдайым объективтілік және ақпараттың жоғары мазмұнына ие бола бермейді. Өтімділік пен төлем қабілеттілігін, меншікті капиталды асыра бағалауды жақсарту үшін қаржылық есептіліктің бұрмалануы жиі кездеседі. Сондықтан сыртқы талдаушы үшін, ең алдымен, қаржылық есептіліктің объективтілігін тексеру қажет.

Іс жүзінде, көптеген компаниялар төлем қабілеттілігі мен өтімділігін көбейтуге тырысады. Мұны әртүрлі жолдармен жасауға болады. Осылайша, ақшалай қаражаттардың есептік ағындарын бюджеттеу өндіріс шығындарын азайтады, сонымен қатар өндірістік шығындар мен жоспарлау әдістерінің өзіндік құнын жүргізеді. Жыл бойына сұранысы жоқ запастарды, технологиялық жабдықтар мен қосалқы бөлшектерді сату болашақта компанияның төлем қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, компания үшін күрделі салымдарды кейінге қалдыру немесе болдырмау пайдалы.

Тұрақты төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін компания құндылықтарын оңтайландырудан тұратын қаржы активтерін басқару саясатын әзірленуі керек.



Сурет 2 - Қаржы активтерін басқару саясаты

Төлем қабілеттілік пен өтімділікті арттырудың тиімді әдістерінің бірі - ол бәсекеге қабілеттілікті арттыру, сапаны жақсарту немесе бағаны төмендету, тұтынушылық сұранысты зерттеу, өнім түрлерін кеңейту, жарнамалық науқандар арқылы клиенттерді тарту. Негізгі тауарға ассортименттерді қосу кірістер мен ақша ағымдарын арттырады. Кәсіпорынның ресурстары шектеулі болғандықтан, ұйымға тұрақты ақша ағындарын әкелетін нәрсені сатқан жөн.

Сату көлемі мен бағасы туралы шешім қабылдау үшін тек қаржылық ақпарат жеткіліксіз, нарықтағы сұраныс пен ұсынысты бағалау қажет. Тұтынушы сұранысын, олардың талғамын, салыстырмалы мәндерін, құндылықтарын, сондай-ақ қаржылық мүмкіндіктерін, яғни төлем қабілеттілігін мұқият зерделеген жөн [5, 74 б.].

Төлем қабілеттілігі мен өтімділікті арттырудың мүмкін нұсқаларының бірі - сыртқы көздерден қаражат тарту: банктердің немесе қаржылық компаниялардың несиелері, қарыздар, лизинг, коммерциялық қағаздар.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Колпакова, Г.М. Финансы. Денежное обращение. Кредит : учебное пособие / Г.М. Колпакова. - 2-е изд., перераб. и доп. - М. : Финансы и статистика, 2011. - 543 с.
2. Ковалев, В.В. Управление активами фирмы: учебник. / В.В. Ковалев. - М. : Финансы и статистика, 2011. - 352 с.
3. Махонина, Е. А. Управление денежными потоками предприятия / Е.А Махонина, Е. Б. Вокина // Молодой ученый. - 2015. - №11.3. - С. 53-55.
4. Международные стандарты аудита в Казахстане: В 2 т. Алматы: Раритет, 2001;
5. Рябинин, Л. С. Существенная направленность и эффективность производства [Текст] / Л. С. Рябинин // Экономист. - 2013. -№ 6. - С. 57-63.